**Бекітемін**
**Басқарма Төрағасы-Ректор**
**__________ Б. Сейдахметов**
**(Басқарма отырысында қаралды және мақұлданды**
**хаттама № 9 "22" 10 2024 г.)**

## Саясат
## САПА САЛАСЫНДА

**Біздің миссия**

ICAO, EASA, IATA талаптарын, ISO 9001, 21001 халықаралық стандарттарының қолданыстағы нұсқаларын ескере отырып, авиация саласының тиімді және қауіпсіз жұмыс істеуі үшін үздік халықаралық басқару практикасын, білім берудің, ғылымның және өндірістің озық жетістіктерін интеграциялау жолымен мамандар даярлау.

**Көрініс**

Авиация мамандарын даярлау жөніндегі халықаралық білім және ғылым орталығы.

**Стратегиялық басқару бағыттары:**

1) басқару жүйесін дамыту;
2) білім беру ортасын жетілдіру;
3) ғылым мен коммерцияландыруды дамыту;
4) тәрбие жұмысын және әлеуметтік саясатты жетілдіру;
5) инфрақұрылымды және қаржылық менеджментті дамыту;

**Стратегиялық басқару бағыттарын іске асыру Академияның сапа саласындағы саясатымен айқындалған:**

1) қолданыстағы ISO 9001, 21001, ICAO, EASA, IATA халықаралық стандарттарының талаптарына және Академияның менеджмент жүйелерін қолдану саласына қолданылатын басқа да талаптарға сәйкес келетін менеджменттің нәтижелі жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
2) Академия талаптарына сәйкес келетін үш құрамдас сипаттамалардың (қабілеттердің, мотивациялық және психофизиологиялық қасиеттердің) бірлігі ретінде персоналдың сапасын қамтамасыз ету;
3) академиялық саясат қағидаттарын іске асыру;
4) практикаға бағдарланған білім беру бағдарламаларын жаңғырту;
5) Академияның бизнес-процестерінің цифрлық реинжинирингі;
6) халықаралық ынтымақтастықты дамыту;
7) ғылыми және инновациялық мүмкіндіктерді кеңейту;
8) ғылыми-инновациялық әлеуетті және ғалым мәртебесін арттыру;
9) әлеуметтік бейімделген тұлға мен патриотизмді дамыту;
10) бюджеттің тұрақты өсуін қамтамасыз ету;
11) бюджеттің шығыс бөлігінің құрылымын оңтайландыру;
12) Академияның білім беру, ғылыми және техникалық әзірлемелерін ескере отырып, ISO 9001, 21001 қолданыстағы нұсқаларының талаптары негізінде менеджмент жүйелерін тұрақты жақсарту;
13) Академияның түлектер, жұмыс берушілер, қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілігін іске асыру;
14) зияткерлік меншік объектілерін құру, оларға құқықтарды бекіту, олардың нарықтық құнын бағалау, есепке алу, шаруашылық айналымға тарту (коммерцияландыру) және зияткерлік меншікті рұқсатсыз пайдаланудан қорғау жөніндегі іс-қимылдар кешенін жүзеге асыруды көздейтін тұжырымдаманы жетілдіру жолымен Академияның зияткерлік меншігін басқару;
15) тиісті мүдделі тараптардың қажеттіліктері мен күтулерін тұрақты өлшеу, мониторингілеу, талдау және бағалау.

Академия басшылығы осы саясатты персоналдың, білім алушылардың және барлық мүдделі тараптардың назарына жеткізеді, Академия ішінде түсіністік пен қолдануды қамтамасыз етеді, оны іске асыру үшін қажетті жағдайлар жасауға жауапты болады. Сапа саясаты мүдделі тараптар үшін ішкі корпоративтік желі және www.caa.edu.kz сайттына орналастыру арқылы қолжетімді болады.